Отырар кітапханасы



Ұлт рухын ұлықтаған тұлға

/Өзбекәлі Жәнібеков – 95/

/Библиографиялық құрал/

Отырар 2026

Құрастырған: Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі Р.Мақтабекова.
Отырар аудандық орталық кітапхана, 2026 жыл.

Алғы сөз

Қазақ халқының рухани жаңғыруына, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің қайта түлеп, дамуына зор үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым – Өзбекәлі Жәнібековтің есімі ел тарихында ерекше орын алады. Ол ұлттық құндылықтарды қорғап, тарихи ескерткіштерді сақтауға, қазақ өнері мен мәдениетін дамытуға үлкен еңбек сіңірді.

Бұл библиографиялық кітапшада ұлттық мұраны қорғаған, салт-дәстүрді жаңғыртқан біртуар тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы, шығармашылық мұрасы және ол туралы жарық көрген әдебиеттер жинақталған.

«Ұлт рухын ұлықтаған тұлға»

Өмірбаян беттері

Жәнібеков Өзбекәлі (1931–1998)

- мемлекет қайраткері;

- мәдениеттанушы, этнограф;

- тарих ғылымдарының кандидаты;

- ұлттық құндылықтарды насихаттаушы.

Өзбекәлі Жәнібеков Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы, Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданы, Маяқұм ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолында мәдениет саласын басқарды, тарихи ескерткіштерді қорғау, музей ісін дамыту, ұлттық өнерді жаңғырту бағытында қызмет атқарды. Қазақ халқының ұлттық мұрасын сақтау мен насихаттауға үлкен үлес қосты.

Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектері

Жәнібеков Ө. Қазақтың ұлттық қол өнері. – Алматы, 1982.

Жәнібеков Ө. Жаңғырық. – Алматы, 1991.

Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992.

Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – Алматы, 1996.

Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы, 1996.

Жәнібеков Ө. Ежелгі Отырар. – Алматы, 1997.

Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы. – Алматы, 1996–1997.

Қоғамдық-саяси қызметі

Өзбекәлі Жәнібеков еңбек жолын ұстаздықтан бастап, кейін қоғамдық-саяси қызметтер атқарды. Ол комсомол ұйымдарында басшылық қызметтер атқарып, Қазақстанның қоғамдық өміріне белсене араласты. Кейін Қазақстан Компартиясы органдарында, мәдениет саласында жауапты қызметтер атқарды.

Қазақстан мәдениет министрінің орынбасары , Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметтерінде болып, ұлттық мәдениетті дамытуға бағытталған көптеген бастамаларға жетекшілік етті.

Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен :

- тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жұмыстары жүргізілді;
- ұлттық өнер мен қолөнерді жаңғыртуға көңіл бөлінді;
- музей ісін дамытуға үлес қосылды;
- қазақ қолөнерін зерттеді;
- ұлттық киім үлгілерін жинақтады
- қазақтың салт-дәстүрі мен рухани мұрасын насихаттау жолға қойылды;
- көне Отырар қаласының тарихи маңызын таныту, мәдени мұраны сақтау ісі ерекше қолға алынды.

Азаматтық ұстанымы

Өзбекәлі Жәнібековтің басты азаматтық ұстанымы – ұлтқа адал қызмет ету, халықтың тарихи жадын сақтау, ұлттық құндылықтарды қорғау болды.
Ол қызметтік мүмкіндігін елдің мәдени дамуына пайдаланып, қазақтың жоғалған мұраларын қайта жаңғыртуға күш салды.

Тұлға тағылымы

Өзбекәлі Жәнібеков – саяси қызметті ұлттық мүддемен ұштастырған, мәдени мұраны сақтауға зор үлес қосқан қайраткер. Оның азаматтық тұлғасы мен еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін отансүйгіштік пен елжандылықтың өнегесі болып қала береді.

Балалық шағы және ата-анасы

Әкесі — Жәнібек Құдияръұлы (ерте қайтыс болған)
Анасы — Қаныша Томашқызы (өте ерте дүние салған)
Балалық шағында жетім қалып, туыстарының қолында тәрбиеленген
Сол себепті ол қарапайым ауыл өмірінде еңбекке ерте араласқан.
Тәрбиеленген ортасы: Туыстары мен ауыл адамдарының қолында өскен**.** Еңбекке, білімге ерте бейімделген**.** Мұғалімдер мен ауыл белсенділері оның қалыптасуына үлкен әсер еткен.
Өз отбасы
Үйленіп, өз отбасын құрған. Жарының аты – Халима. Балаларының ішінде Бауыржан Жәнібек есімі көп аталады. Бірақ ол жеке өмірін көп жария етпеген. Ұрпақтары оның мәдени мұрасын жалғастыруда.

Өзбекәлі Жәнібеков туралы әдебиеттер:

1.Жәкішева З. Өзбекәлі Жәнібеков тағылымы. – Алматы, 2011.
(Кітап көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері
Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық мәдениетке сіңірген ерен еңбектерін қамтыған).

2.Тәжіұлы А. ТАУ ТҰЛҒА. Өзбекәлі Жәнібеков. – Алматы: «Дала Дизайн», 2021.
(Кітапта қайраткердің өмір жолы, азаматтық тұлғасы, замандастарының естеліктері қамтылған).

3.Керімбай С., Наби Э. Өзбекәлі және мәдени майдан. – Алматы, 2024.
(Кітапта Тұлғаның ұлттық мәдениет жолындағы күресі мен еңбегін баяндайды).

4.Ергөбек Қ. «Өзбекәлі Жәнібек». – Алматы, 2026.
(ғұмырнамалық зерттеу кітабы).

Өзбекәлі туралы замандастарының ықыласты сөздері

Әбіш Кекілбаев

«Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, Тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өзағаның сіңірген еңбегі ерекше" .

Мырзатай Жолдасбеков

«Нұрлы жүзді, әдемі қоңыр үнді, жаратылысы бөлек Өзбекәлі ел тарихы мен мәдениетінің білгірі, қасиеттің тұнып тұрған тұнбасы, ойдың тереңі халқымыздың кескіні менен келбеті, қайраты менен айбаты еді, арысы еді, дара тұлғасы еді, елінің асылы, баршаның жақыны еді, қайыспайтын қара нары, шалыс баспайтын кержорғасы еді, бойын жасырған тұлпар еді. Заманымыздың Бұқар жырауы, Төле биі еді».

Шерхан Мұртаза:

«Өзбекәлі - ақ жүріп өткен аяулы азамат, киелі адам! Ол бүкіл саналы өмірінде қазақ халқының дүниежүзілік цивизилияцияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті».

Талғат Батырхан:

«Өресі биік Өзағаң кешегі қылышынан қан тамған кезеңнің өзінде ұлтқа қызмет етудің үлкен үлгісін көрсетті»

Ержан Уайыс:

«Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ мәдениетін, тілін, дәстүрін жаңғыртқан тұлға!»

Құлбек Ергөбек:

«Өзбекәлі Жәнібек – қазақ руханиятының тамырына қан жүгірткен тұлға».

Бекен Қайратұлы:

«Өзбекәлі - қазақ үшін жүрек майын шам қылған арыс».

Серік Қирабаев:

«Ол – ұлт мәдениетінің жоқшысы, рухани майданның сарбазы».

Арман Сүлейменов:

«Ұлттық рухтың ұраншысына айналған Өзбекәлі...»

Санжар Керімбай:

«Өзбекәлі Жәнібек – ұлттың жоғын жоқтаған, руханияттың майданында жүрген тұлға».

Ақтоты Райымқұлова

«Өзбекәлі Жәнібеков – бір дәуірдің дарабозы. Қазақстандағы мәдениет саласының дамуы оның есімімен тікелей байланысты».

Серік Сейдуманов

«Қазақстан мәдениетін басқарған азаматтардың арасында Темірбек Жүргенов пен Ілияс Омаровтың даңқы мен дақпырты басылмай келеді. Сол тұлғалар сынды Алашқа атағы жайылып, ұлттық деңгейдегі көсемге айналған тұлға осы Өзбекәлі Жәнібеков болды. Айтулы тұлғаның толып жатқан игі істерімен қоса, айтыстың аяғынан тұрып кетуіне де үлкен үлес қосқан азамат қой».

Бекен Адырбек

Өзбекәлі Жәнібек ақиқатшыл азамат, шыншыл шынайы жан еді. Сөзі мен ісі қиюы қашқан ескі есіктей қабыспау болмады. Сөзі мен ісі бір жерден шығар еді ұдайы.

«Өзбекәлі Жәнібеков – мәдениет майталманы»

/фото естеліктер/










Ө.Жәнібековтің студенттік жылдары
Студентческие годы У.Жанибекова
Student years of O. Zhanibekov







«Арқас» өрбіту корпоық кітапханасы
Өзбекәлі Жәнібеков
Жолайрықта


ГИБРАТТЫ ҒҰМЫР
ЛИЧНОСТЬ И ВРЕМЯ
Өзбекәлі
ЖӘНІБЕК
" ҚАЗАҚСТАН "


ӨЗБЕКӘЛІ
ЖӘНІБЕКОВ
Екінші кітап


ҰЛТЫМЫЗДЫҢ
ҰЙЫТҚЫСЫ


BEST SELLER
ӨЗБЕКӘЛІ
және
МӘДЕНИ МАЙДАН
5-басылым


ӨЗБЕКӘЛІ
ЖӘНІБЕКОВ
1


Арысбек Тәжіұлы
ТАУ ТҰЛҒА
Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ


ҚАЗАҚ КИІМІ
Казахский костюм
The Kazakh costume
Қазақ киімі
Казахский костюм
The Kazakh costume


АРДА ТУҒАН ӨЗАҒАҢ

Өзбекәлі және Музей

Өзбекәлі Жәнібеков – XX ғасырдың 1970 жылдарынан бастап еліміздегі сандаған үлкенді-кішілі музейлерді ұйымдастыру, тарихи маңызы бар мұрағаттарды жинақтау, сақтау және насихаттау секілді ұлт мәдениетіне тікелей қатысты жұмыстардың бастамашысы болды. Сол игілікті істердің бірі – Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен еңбегінде ерекше орын алған, бүгінде ұлт мәдениетінің мақтанышы болып отырған ***Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыка аспаптары музейі*** болып табылады. Жәнібековтың тікелей ықпалымен өткен ғасырдың 1980 жылғы тамыз айының 1-ші жұлдызында Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 358 санымен Жарлығы шықты.

Нәтижесі:

– ел ішінде сақталған көне аспаптардың молдығы – музейді ұйымдастырудың *қозғаушы күші* болды және жер-жерде шашырап, жоғала бастаған музыкалық көне аспаптар қазынасы *алғаш рет* бір жерге жинастырылды;

– Орта Азия Республикалары арасында дәстүрлі музыкалық аспаптарға арналып ашылған *тұңғыш музей* болды;

– жинақталған коллекциялардың – аспаптану, музыкалық этнография, аспапты-музыкалық археология, аспапты-музыкалық қолөнер, өнертану, драмология, литофония, органология, заттану, мифология, бақсылық дәстүр, аспап және поэзия т.б. секілді бұрын назарға алынбаған гуманитарлық ғылым салаларымен *байланысы* нақтыланды;

– музей қазақ аспаптану ғылымының *ғылыми-зерттеу орны, дерекнамалық базасы* ретінде таныла бастады;

– Тәжікстанның Душанбе қаласында ашылған «Музыкалық аспаптар музейіне» және Саха елінің Якут қаласындағы ұлттық «Чангкобуз» (Шаңқобыз) аталатын музейлердің ұйымдастырылуына *үлгі-нұсқа* болды;

– музей мұраларының *рухани* және *заттық* мәдениетке бірдей қатыстылығы зерделенді;

– музейдің тарихи мұралары жайында әр жылдары ғылыми және оқу-әдістемелік *кітаптар* шығарылып, *диссертациялық* еңбек қорғалды;

– Республикалық және Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен түрлі жиындардың өтуіне *негіз* қаланды.

– музей елімізде ғана емес, Орталық Азия республикалары арасындағы *бірегей музейлердің* қатарынан орын алды.

Өзбекәлі және Сазген

Музей қызметкерлерінен құрылған «Сазген» этноансамблін ұйымдастыру Ө. Жәнібековтың өз идеясы болатын. Ел арасында: «*Музей - Сазген дүниеге келген егіздер*» деген сөз қалыптасты. Өз-аға Жәнібеков музейдің көне мұраларын дыбыстандырып, жанды түрде насихаттау үшін ел ішіндегі тума талантты өнерпаздар мен музыкалық білімі бар жастарды жұмысқа тартты.

Нәтижесі:

– «Сазген» тобы сол кездегі астанамыз Алматы қаласының музейлері тарихында құрылған *алғашқы этноансамбль* болды;

– «Мұрагер», «Адырна», «Алтынай», «Жетіген», «Ғасырлар пернесі» қатарлы өзінен кейін құрылған этнофольклорлық өнер топтарына *үлгі-нұсқа* болды;

– ансамбль жұмыстары арқылы дәстүрлі музыкалық аспаптар жүйесі халықаралық көрме-жәрмеңкелерде *насихаттала* бастады;

– ансамбль арқылы көне аспаптарды *дыбыстандыру* жұмыстары жолға қойылды;

– «Музей – Сазген» жұмыстары арқылы жүргізілген көптеген тарихи іс-шаралар еліміздің *өнер-мәдениеті өміріне* тұрақтап орнықты;

– қазіргі таңда «Сазген» ансамблі үлкен сахналарға бет алып, *кәсіби өнер* жолына түсті.

Өзбекәлі және Шеберхана

Музейдің құрылу тарихында маңызды орын алған ***«Аспап жасау және қалпына келтіру шеберханасының»*** ұйымдастырылғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Музей залдарын экспонаттармен жабдықтау оңай жасалатын шаруа емес.

Алайда, өзі бастаған іске жауап беріп, батыл да шұғыл шешім қабылдай алатын Ө. Жәнібеков жан-жақта шашырап жүрген аспапшы-шеберлердің, қолөнерші-зергерлер мен ұсталардың басын қосты.

Нәтижесі:

– еліміздің музейлері тарихында алғаш рет «***Музыкалық аспаптарды жасау және қалпына келтіру***» ғылыми-зерттеу шеберханасы құрылды;

– көне аспаптардың жаңғыртпалары мен жаңа аспаптардың ғылыми сызба-жобалары (конструкциялары) жасалып, ғылыми *сараптамалар* мен *іс-тәжірибелер* жинақталды;

– ұмыт болған жиырмадан аса этнографиялық көне аспаптар анықталып, оларға ***екінші өмір*** берілді және бұл мұралар экспозиция залдары үшін *шешуші рөл* атқарды;

– «Мирас», «Шебер», «Шертер» секілді өзінен кейін құрылған шеберханалардың жұмыстарына *үлгі-нұсқа* болды;

– музей шеберханасы елімізде алғаш рет республикалық және халықаралалық «Үкілі домбыра», «Абыз қобыз», «Шежіре домбыра» т.б. қатарлы аспап жасаушы қолөнер шеберлерінің алғашқы байқау-бәйгелерінің (конкурстарының) өмірге келуіне *ұйытқы* болды;

– осы байқаулар нәтижесінде аспаптар классикалық нұсқада дамыта жасалып, олардың *сапасы* жақсарды;

– музей шеберханасы қазақтың аспапты-музыкалық қолөнер саласының дамуында *негіз* қалады;

Осылайша, өткен ғасырдың 1980-ші жылдарында Өзбекәлі Жәнібековтың тікелей өз Жоба-Жоспарымен жүзеге асырылған «***Музей – Сазген – Шеберхана» үштігі*** – ұлт мәдениетінде, аспапты-музыка өнерінде және аспаптану ғылымы тарихында алтын әріппен жазылған ***ең ірі кешенді*** еңбек болды.

Қорытынды.Халқымыздың тарихы терең дәстүрлі музыкалық аспаптар жүйесі – өнер-мәдениет құндылықтары болумен қатар, халық шежіресі мен тарихының деректі көзі, тірнек өнерінің жемісі саналады. Сол себептен Ө. Жәнібеков 1980 жылдың өзінде-ақ «***Қазақтың Республикалық халықтық музыкалық аспаптар музейі» мәртебесімен*** (статусымен) өз алдына жеке музей ретінде

ашылуына барынша күш салды. Бұл 1980 жылғы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ***Жарлығында*** да осылай көрсетілген.

Өзбекәлінің ерлік істері

Өткен ғасырдың 1978 жылы, яғни Өз-ағаң Қазақ КСР Мәдениет министрлігіне қызметке тұрған тұста ***Әзірет Сұлтан*** мешітіне арнайы ат басын бұрып, қараусыз қалған киелі орынның жағдайымен қанықты. Сол кезде кесенедегі ең құнды жәдігер – ***Тайқазан*** орнында болмады.

Қазақстан Кеңес өкіметінің құрамында еді. Ол кездегі саясат бәрімізге белгілі. Тайқазан 1935 жылы Ленинград, қазіргі Санкт-Петербург қаласында өткен көрмеге қойылу үшін алынып, уақтылы кері қайтарылмаған болатын.

Үш айлық көрмеге алып кеткен киелі жәдігерді 54 жылдан кейін тарихи Отанына қайтаруға сол уақыттағы Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековтің атқарған жанқиярлық жұмысы, ерлікке пара-пар сіңірген еңбегі бірден-бір себепкер болған еді.

Шынтуайтына келгенде, Әзірет Сұлтан мешітінің әрбір деталіне, бүге-шігесіне дейін Өз-ағаң көзінің қарашығындай қарап қалпына келтірді. Бұл – нағыз қайраткерге ғана тән қасиет.

Ел аузында ***"Арыстан бабтан тіле, Ясауиге түне"*** дейтін өсиет тұнған қанатты сөз бар. Қазақ жұрты зиярат ететін дәл осы Арыстан баб кесенесінің қираған бөліктерін бүтіндеген де – Өзбекәлі Жәнібеков. Ақиқатында осы сөйлемнің өзі оңай айтыла салатын сөз секілді. Әйтпесе бұл жұмыс зор қажыр-қайратпен, асқан табандылықпен келді. Себебі кесенені қалпына келтіруге сол кезде билік жүргізген Мәскеу қарсы болды. Сондай қарсылыққа қарамастан үлкен тәуекелді талап ететін істі үйіріп әкету – табандылықтың ғана емес, тапқырлықтың, терең философиялық саясаткерліктің, ұлт-жандылықтың белгісі.

Арыстан бабтың Жұман мешіті сол тұста қирап жатқан болатын. Оны қайта тұрғызуға Мәскеу рұқсат бермеген-ді. Бірақ ер қайраткер ебін тапты. Орта ғасырлық Отырарды суландыру жүйесі деп аталатын экспозицияны сылтауға айналдырып дегеніне жеткізді, ойындағыны іске асырды. Арыстан баб кесенесінің мешіт бөлігі кезіндегі саясаттың салқынымен сүріліп, намаз оқытылмай қалған. Қазақты руханиятынан айырған кезең ғой. Сондай саясатқа қарамастан

Өз-ағаң бірнеше жыл ішінде кесенені қалпына келтірді. Артынша қасиетті орын мемлекет қарамағына өтті.

Алаштың асыл ұлдары - Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды ұлыларымызды қайта тірілтті және олардың шығармаларын жарыққа шығуына белсене атсалысты.

1988 жылы Ұлыстың ұлы күні – Наурыздың діни мейрам емес екенін сол кездегі Орталық комитеттің басшыларына жеткізіп, мейрамның қайта тойлануына жол ашты. Сол кезде белсене араласқан Мұхтар Шаханов сынды ұлт зиялылары ұлттық мейрамның республика көлемінде аталып өтуіне зор ықпал етті.

Қорытынды сөз:

Өзбекәлі Жәнібек атқарған, ол жаңартқан, жаңғыртқан, тірілткен, түлеткен, дамытқан, өрістеткен ұлт тағдырына қатысты өркенді істері көп-ақ. Ол азаматтығына кір шалдырмай тіршілік кешіп, 1998 жылы 22 ақпанда 67 жасында жарық дүниеден өтті. Өз өтініші бойынша мәйіті туған жері – «Арыстанбаб» әулие кесенесінің маңына қойылды. Абай айтқандай: «Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?».

Ұлттың өмір тарихын, дүниетанымын талмай зерттеп өлмес сөз сауған, өнегелі іс соққан, сөйтіп соңына өшпес өнеге тастап құйрықты жұлдыздай аққан Өзекең - Өзбекәлі Жәнібек Абай айтқан ұлылыққа барынша лайық. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...» Біреу өледі - өшеді. Біреу өледі - өседі. Қазақтың маңдайына біткен қайраткер перзенті Өзбекәлі Жәнібек өлген сәттен екінші өмірін – мәңгілік өмірін бастап кеткен азамат! Ол халқымен мәңгі бірге жасай беретін есім!

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, мәдениет жанашыры Өзбекәлі Жәнібектің туғанына 95 жыл толуына орай «Өнегелі өмір – өшпес мұра» атты аудандық байқауының

Бағдарламасы:

Фойеде: «Қазақ руханиятының жанашыры» атты кітап көрмесінің таныстырылымы.

«Рух пен парасат иесі» - /Әдеби композиция **/**

1. **Кіріспе сөз – /**Жүргізуші сөзі/

2. **Байқаудың ашылуы** – Отырар ауданы әкімінің орынбасары Құлмаханов Айдос Құлмаханұлы

   ҚР Білім беру ісінің құрметті үздігі, Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Түркістан әжелер алқасының төрайымы Серім Айғаным Абанқызы

3. **Ән орындалады**

4. **Қатысушылар байқау кезеңдері бойынша сынға түседі.**

5. **Ән орындалады**

6. **Қорытынды. Сарапшылар шешімі. Марапаттау рәсімі.**

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, мәдениет жанашыры Өзбекәлі Жәнібектің туғанына 95 жыл толуына орай «Өнегелі өмір – өшпес мұра» атты аудандық байқауының жүргізілу реті

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, байқауға қатысушы үміткерлер!

Артында мәңгі мұра, өшпес із қалдырған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, мәдениет жанашыры Өзбекәлі Жәнібектің туғанына биыл 95 жыл толып отыр. Осыған орай Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының бастамасымен, «Отырар» кітапханасының ұйымдастыруымен **«Өнегелі өмір – өшпес мұра»** атты аудандық байқауына қош келдіңіздер! Бұл облыстық байқаудың аудандық іріктеу кезеңі.

Өзбекәлі Жәнібек – алты алашқа мәлім аты бар, ұлт мүддесі дегенде кісі бетіне қарамайтын заты бар, тұтас ұлт мәдениетін жаңғыртып қайта түлеткен тұлға. Өміршең өнегесі замандастары есінде жатталып, кейінгі ұрпаққа мирас болып ертеңге кетіп барады.

Бұл байқаудың мақсаты - Өзбекәлі Жәнібектің азаматтық, қайраткерлік қасиеттерін, ұлтжандылығын, даналығын, көрегендігін, рухани мұрамызға деген жанашырлығын өскелең ұрпаққа насихаттау. Олай болса, құрметті қонақтар, бүгінгі байқауға қатысушы үміткерлерімізбен таныс болыңыздар.

(Байқауға қатысушы үміткерлерді сахнаға шақырады)

Жүргізуші: Ө.Жәнібек қазақтың ұлттық мәдениетінің өркендеуіне, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына көп күш-жігер жұмсаған қайраткер.

ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруге ұйытқы болған да Ө. Жәнібек. Оның бастамасымен көптеген этнографиялық мұражайлар ашылды, сонымен қатар қазақ жеріндегі тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамы құрылды. Ол Торғайда «Шертер», «Ғасырлар пернесі», Алматыда «Сазген», «Адырна», «Алтынай» ансамбльдерінің құрылып, өнер көрсетуіне ақылшы, демеуші болған азамат. Ендеше Өзбекәлі Жәнібектің туғанына 95 жыл толуына орай өтіп жатқан аудандық байқауымызды ашып беріп, үміткерлерге сәттілік тілеу үшін

Отырар ауданы әкімінің орынбасары
Құлмаханов Айдос Құлмаханұлына, ҚР Білім беру ісінің құрметті азаматы, Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Түркістан әжелер алқасының төрайымы Серім Айғаным Абанқызына сөз береміз.

(***Құлмаханов Айдос Құлмаханұлы, Серім Айғаным Абанқызы сөз сөйлейді***)

Жүргізуші: Байқауға қатысушы үміткерлердің орындарына жайғасуларын өтінеміз. Енді байқау шартымен таныстырып өтейін.

Байқау екі кезең бойынша өткізіледі: ***I кезең – Бейнеролик*** *(3 минуттық),(онлайн)* **«Өзбекәлі мен үшін кім? ...»** (мен үшін қандай тұлға?) (Өзбекәлі Жәнібек туралы ойтолғау, тану, шағын зерттеу жұмысы). (Өмірбаяны қажет емес). Бір нақты мысал (еңбегі, ісі немеме қасиеті)

II кезең – Презентация слайд *(7 минуттық)*

«Өзбекәлі Жәнібек – ұлт руханиятының жанашыры»

(Өзбекәлі Жәнібектің өмірбаяны мен қоғамдық-мәдени қызметі туралы презентация слайд, қатысушы өзі сөйлеп ғылыми зерттеу жұмысын қазылар алқасы алдында қорғау).

Жүргізуші: Олай болса, бүгінгі байқауға әділ бағасын беріп, қатысушылардың білімін, дайындығын саралап, сараптайтын сарапшылармен таныс болыңыздар.

Сарапшылар алқасы:

Байдәулетова Дана Хантөреқызы - Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері;

Серім Айғаным Абанқызы ҚР Білім беру ісінің құрметті азаматы, Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Түркістан әжелер алқасының төрайымы;

Әбдешбек Айгүл Балтабекқызы - №1 жалпы білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі, тарих магистрі.

Жүргізуші: Ұлт рухын асқақтататын, жүрекке жол табатын әуенсіз кештің сәні келмес еді. Өзбекәлі Жәнібек ұлттық өнерді, қазақтың қоңыр домбырасын, дәстүрлі әнін жанындай сүйген жан. Ендеше, әсем әнге кезек берейік.

(*Ән орындалады*)

Жүргізуші:. Ендеше байқауымыздың кезеңдеріне кезек берейік

I кезеңін бастаймыз. (***I кезең – 3 минуттық бейнеролик)***

«Өзбекәлі мен үшін кім? ...» (мен үшін қандай тұлға?) (Өзбекәлі Жәнібек туралы ойтолғау, тану, шағын зерттеу жұмысы)

(*Әр қатысушы өздерінің жұмысын ұсынады. I кезең аяқталады*)

Жүргізуші: Өзбекәлі Жәнібек атақ-абыройды қуған жоқ. Кеңестік идеологияға қарамастан, Алаш зиялыларының ақталуына атсалысты. Қазақ руханиятының көгінде жарық жұлдыздай жарқ еткен, ұлттың жоғын жоқтап, барын бағалаған бірегей тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібек. Ол өз ғұмырын ата-бабадан жеткен асыл мұраны сақтауға, ел жадынан өше бастаған салт-дәстүр мен тарихи сананы қайта жаңғыртуға арнады. Оның есімі – ұлтқа адал қызмет етудің, рухани күрестің символы. Ендеше, байқауымыздың II кезеңіне кезек берсек.

II кезең – Презентация слайд

«Өзбекәлі Жәнібек – ұлт руханиятының жанашыры»(Өзбекәлі Жәнібектің өмірбаяны мен қоғамдық-мәдени қызметі туралы презентация слайд, қатысушы өзі сөйлеп ғылыми зерттеу жұмысын қазылар алқасы алдында қорғау)

(*Әр қатысушы слайд көрсетіп қорғайды.II кезең аяқталады*)

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, байқауға қатысушы үміткерлер бүгінгі байқауымыз да өз мәресіне жетіп отыр. Ендеше, сарапшыларға үміткерлердің еңбегін саралап – сараптауға, әділ бағасын шығаруға уақыт берейік.

Құрметті көрермендер сарапшылар әділ бағасын шығарып болғанша әсем ән тыңдай отырыңыздар.

(*Ән орындалады*)

Жүргізуші: Байқауымыздың қорытынды сөз кезегін сарапшыларға береміз.

(*Марапаттау рәсімі*).

Қазақ рухының қаранары

Көп еркектің кеткен кезде заты ез боп,
Қандасым қас болса, мені жат езбек.
Дәлелдеді гәп есімде емесін
Өзбекәлі – өзі қазақ, аты «Өзбек».
Бір күдік бар тыным бермес санама:
«Қазақ мәңгі қазақ күйде қала ма?!».
Орысқұл боп ғұмыр кешер болса егер,
Қазақбай деп ат қоймаспын балама.
Бұ заманнан басқаша еді о заман,
Баскесердің тұрған шағы көзі аман.
Тексіздер кеп тың игерген даламен
Наурызды қауыштырды Өз-ағам.
Сатқындарға садақ болған жебелі,
Арманы оның шашынан да көп еді.
Ет астырып, Наурызкөже пісіртіп,
Тайқазанмен ел тойдырсам деп еді.
Ол жетпеді,
Бұл арманға ел жетті,
Тайқазаны Түркістанға төрлетті.
Қайта туған нәресте еді Наурыз,
Қазағының қолында өсіп, ер жетті.
Сен кеткен соң келді қайта қазан ә,..
Мен сенбеймін, ел сенбейді қазаңа.
Наурыз сайын әруағыңа дұға етем,
Әруағыңнан айналайын, әз аға.
Көтерсек те осы жолда қанша дау,
Керек боп тұр Өзекеңдей шаршамау.
Тіл сатқанның тілін кесіп өзінің,
Тайқазанға бір қуырып алсаң-ау.
Жаһандану жұтқысы кеп тұр қанбай,
Оған қарсы оқ атады кім қандай?
Бар қазақтың жүрегінде Өз-ағам
«Қазақ бол!» – деп Жарлық етіп тұрғандай.
Әрбір үйдің оятып әр баласын,
«Қазақ бол!» – деп кезіп жүр ол даласын.
Секем алып, селт етпеген Жарлыққа
Қылмыскердің Құдай берер жазасын.

Серік Сейітман

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. **«Өзбекәлі Жәнібек».** – Егемен Қазақстан. -2011 жыл, - 12 қазан – 4 бет.

2. **«Өзағаңның өнегесі».** – Егемен Қазақстан. – 2016 жыл, – 28 тамыз. – 6 бет.

3. **«Өзбекәлі өнегесі».** – Егемен Қазақстан. – 2024 жыл, - 1 қараша. – 3 бет.

4. **Керімбай С., Наби Э. Өзбекәлі және мәдени майдан**. – Алматы: «Отбасы» Баспа үйі, - 2024 жыл. – 328 бет.

Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі, **2**
Аудандық орталық кітапхана
Сымтетік:77-5-78
Электронды пошта: **Otrar_kitap@mail.ru**